

ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Январь-июль 2023 г.



661,8
МЛРД ТГ

+14,1%

млрд тг



100,4%
ИФО



\$127,8 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 34%
ОТП 66%

\$1,7
МЛРД

РЫНОК


\$556,4 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 6 мес. 2023 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



Құрылыс материалдары өндірісі саласы бойынша 2023 ж. қаңтар-шілдедегі инфографикаға түсіндірме

ҚР құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде **661,8 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен 14,1% жоғары (*579,9 млрд теңге*).

Өнімнің физикалық көлем индексі 2023 жылғы қаңтар-шілдеде 100,4% құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+14,1%); отқа төзімді емес керамикалық кірпіштер (+38,1%); силикат және қож кірпіштер (+1,3%); гипсокартон (+0,3%); құрылыс ерітінділері (+13,7%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2023 жылғы қаңтар-маусымда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 42,4% өсті және **127,8 млн АҚШ долл.** құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 733,9 мың тоннаны құрап, 10,6% өсті, ал, өткен жылғы осы кезеңде 663,4 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорт елдері: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Құрылыс материалдарының отандық нарыққа импорты 2023 жылғы қаңтар-маусымда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 8,1% төмендеп, **556,4 млн АҚШ долл.** құрады.

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2022 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 27,6% төмендеп, 1 383,9 мың тоннаны құрады.

Негізгі үздік импорт елдері: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2023 жылғы қаңтар-маусымда ҚР құрылыс материалдары нарығының көлемі **1 660,3 млн АҚШ долл.** құрады, онда, **ОТӨ үлесі 66%**, импорт өнім үлесі 34%.

Құндық көріністе ең жоғары өндіріс көлемін ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде Астана (жалпы өндіріс көлемінде 14,4% өңір үлесімен), Абай облысы (10,5%) және Шымкент қ. (9,1%) құрайды.